Ахмет Байтұрсынұлы: Газет - халықтың көзі, құлағы һәм тілі

QORJYNTÜBEK JARŞYSY

2022 жылдың 9 шілдеден бастап шығады

№6/188
7 ақпан

Облыстық апталық ақпараттық-жарнамалық газет

www.instagram.com/qorjyntubek_jarsysy

E-mail: priogazeta@mail.ru

18+

ПРЕЗИДЕНТ КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ КОМИССИЯ ЖЕТЕКШІЛЕРІМЕН ЖҰМЫС КЕҢЕСІН ӨТКІЗДІ

Қасым-Жомарт Тоқаев Конституциялық комиссия төрағасы – Конституциялық сот төрағасы Эльвира Әзімованы, Конституциялық комиссия төрағасының орынбасары – Мемлекеттік кеңесші Ерлан Қаринді және Конституциялық комиссия мүшесі – Президенттің құқықтық мәселелер жөніндегі көмекшісі Ержан Жиенбаевты қабылдады.

Мемлекет басшысына Комиссияның жаңа Конституция жобасы бойынша бұған дейін атқарған жұмысы туралы мәлімет берілді.

Эльвира Әзімова халық қарауына ұсынылған жаңа Ата Заң жобасы жөнінде баяндады. Оның айтуынша, eGov және e-Otinish порталына жұртшылық тарапынан келіп түскен ой-пікірлер саны 4 мыңнан асқан. Азаматтар жобаны бүгінгі талап-тілектер мен қоғам мүддесіне сай келеді деп таниды. Саяси партиялар, республикалық және өңірлік қоғамдық ұйымдар жаңа Конституция жобасына қолдау білдірді.

Президент Конституциялық комиссия жұмысы ашық форматта жалғаса беруге тиіс екенін атап өтті. Бұл азаматтардың талқылау барысынан хабардар болып, жоба мазмұнымен егжей-тегжейлі танысуына мүмкіндік береді. Қасым-Жомарт Тоқаев сарапшылар мен қоғам өкілдері жолдаған ұсыныстардың барлығын жіті талдауды тапсырды.

Эльвира Әзімова Конституциялық комиссия мүшелері жаңа Конституция жобасының жекелеген баптары мен тармақтарын редакциялап жатқанын айтты. Комиссияның кезекті отырыстары ертең, яғни 7 ақпанда және келесі аптада өтеді.

Akorda.kz

ПРЕЗИДЕНТ ПРОВЕЛ РАБОЧУЮ ВСТРЕЧУ С РУКОВОДСТВОМ КОНСТИТУЦИОННОЙ КОМИССИИ

Президент Касым-Жомарт Токаев принял председателя Конституционной комиссии – председателя Конституционного суда Эльвиру Азимову, заместителя председателя Конституционной комиссии – Государственного советника Ерлана Карина и члена Конституционной комиссии – Помощника Президента по правовым вопросам Ержана Жиенбаева.

Глава государства был проинформирован о текущей работе Комиссии над проектом новой Конституции страны.

Эльвира Азимова доложила, что по проекту нового Основного закона, опубликованному для всенародного рассмотрения на порталах eGov и e-Otinish, поступило более 4 тысяч откликов от населения. В своих обращениях граждане высказываются в поддержку проекта, отмечая, что он соответствует современным реалиям, отражает интересы общества. О поддержке новой Конституции также заявили политические партии, республиканские и региональные общественные объединения.

Президент Касым-Жомарт Токаев отметил, что следует продолжить работу Конституционной комиссии в открытом формате, что позволяет гражданам быть в курсе проходящего обсуждения, более детально знакомиться с содержанием проекта нового Основного закона страны. Глава государства поручил по-прежнему внимательно анализировать все поступающие предложения экспертного сообщества и граждан.

Эльвира Азимова также проинформировала, что члены Конституционной комиссии продолжат работу по редакциям отдельных статей и пунктов новой Конституции. Комиссия планирует собраться на очередные заседания завтра, 7 февраля, и на следующей неделе.

Akorda.kz

ДҮНИЕЖҮЗІЛІК САЙЛАУ КҮНІНЕ ОРАЙ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР МАРАПАТТАЛДЫ

Приозерск қаласында Дүниежүзілік сайлау күніне орай сайлау жүйесінде абыройлы еңбек етіп жүрген бірқатар қызметкерлер марапатталды.

Қала әкімі Ахметов Мансұр Талғатұлы учаскелік сайлау комиссияларының төрағалары мен хатшыларына адал еңбегі, жоғары жауапкершілігі және сайлау науқандарын заң талаптарына сай ұйымдастырғаны үшін Алғыс хаттар табыстады.

Марапатталғандар:

– Ахметова Рахима Есенамановна — №231 сайлау учаскесінің төрағасы;

– Болжуров Улан Акылбекович — №230 сайлау учаскесінің төрағасы;

– Лукманова Айгуль Назархановна — №226 сайлау учаскесінің хатшысы.

Барша марапат иелерін кәсіби мерекемен құттықтай отырып, алдағы жұмыстарына табыс, мықты денсаулық және толағай жетістіктер тілейміз!

Приозерск қаласының әкімдігі

КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ КОМИССИЯ ЖАҢА КОНСТИТУЦИЯНЫ ЖАЛПЫХАЛЫҚТЫҚ ТАЛҚЫЛАУ НӘТИЖЕСІНДЕ ТҮСКЕН ҰСЫНЫСТАРДЫ ҚАРАДЫ

Астанада Конституциялық комиссияның кезекті отырысы өтті. Отырыс барысында жалпыхалықтық талқылау нәтижесінде түскен ұсыныстар, сондай-ақ жаңа Конституция жобасын пысықтау мәселелері қаралды. ҚР Конституциялық Соты төрағасының орынбасары Бақыт Нұрмұхановтың айтуынша, жаңа Конституция жобасы жарияланған сәттен бастап әртүрлі арналар арқылы 4 мыңнан астам ұсыныс келіп түскен, олардың барлығы Конституциялық комиссия тарапынан мұқият зерделенуде.

Бақыт Нұрмұхановтың сөзінше, ұсыныстардың бір бөлігі баптардың мазмұнын толықтырады, кепілдерді күшейтеді, құқықтық нормаларды, тұжырымдарды жетілдіреді әрі құқықтық айқындықты арттырады.

«Теңгені ұлттық валюта ретінде конституциялық тұрғыда бекіту туралы ұсынысты іске асыру мақсатында 2-бап 6-тармақпен толықтырылды. Аталған тармаққа сәйкес, Қазақстан Республикасының ұлттық валютасы (ақша бірлігі) – теңге», – деді ҚР Конституциялық Сот төрағасының орынбасары.

Оның айтуынша, осындай мазмұндағы ұсыныстар азаматтардың өтініштерінде де кездескен.

Сонымен қатар, 6-бапта мемлекеттік органдарда саяси партия ұйымдарын құруға жол берілмейтіні туралы норманы бірінші тармақтан дәл сол редакцияда екінші тармаққа көшіру ұсынылады.

«Бұл норма аталған баптың екінші тармағының ережелерін қисынды түрде толықтырады деп есептейміз. Аталған тармаққа сәйкес, мемлекеттің қоғамдық бірлестік ісіне, ал қоғамдық бірлестіктің мемлекет ісіне заңсыз араласуына және қоғамдық бірлестікке мемлекеттік орган функцияларын жүктеуге жол берілмейді», – деді Бақыт Нұрмұханов.

Жобаның 12-бабы Қазақстан Республикасының азаматтығы мәселелеріне арналған. Осы баптың 3-тармағына түзету ұсынылады. Оған сәйкес, Қазақстан Республикасының азаматында қос немесе көп азаматтығы болуына жол берілмейді. Өзге ел азаматтығының болуы заңда көзделген тәртіппен және белгіленген жағдайда Қазақстан Республикасының азаматтығын тоқтатуға негіз болады.

Енгізілген ұсыныстардың ішінде мемлекеттік билік органдары мен олардың қызметшілерінің құқыққа қайшы әрекеттері салдарынан келтірілген зиянның өтелуіне әркімнің құқығын Конституцияда бекіту мәселесі үлкен қызығушылық танытады.

Сондай-ақ Конституция жобасының 18-бабы нақтыланды: жаңа редакцияға сәйкес, сот шешімінсіз адам заңда көзделген мерзімнен артық уақытқа қамауда ұсталмайды.

Парламент Сенаты жанындағы Инклюзия жөніндегі кеңестің төрайымы Ләззат Қалтаева жаңа Конституция мәтінін ерекше қажеттіліктері бар адамдарға бейімдеу туралы ұсыныс білдірді.

«Конституция мәтінін кейіннен қолжетімді форматтарға көшіруді қосу қажет деп санаймын: көру қабілеті бұзылған адамдар үшін – Брайль қарпімен, ал зияткерлік бұзылыстары бар адамдар үшін – түсінікті және қарапайым тілде жазу керек. Жалпы, жаңа Конституция жобасында көзделген нормалар азаматтардың мемлекет басқару ісіне қатысуын кеңейтуге бағытталған, бұл инклюзия және әлеуметтік тұрғыдан осал топтардың құқықтарын қорғау мәселелерін тиімді шешуге қосымша мүмкіндіктер береді. Осы тәсілдерді және сарапшылар қауымдастығы, азаматтық қоғам өкілдері мен азаматтар тарапынан айтылған сындарлы ұсыныстарды ескере отырып, жаңа Конституция жобасын құқықтық және әлеуметтік мемлекетті одан әрі дамытуға арналған маңызды негіз ретінде қолдауға болады деп есептеймін», – деді Ләззат Қалтаева.

Экология саласындағы жауапкершілікті күшейту және қоршаған ортаны қорғау нормаларын Конституциялық деңгейде бекіту қажеттігін Қызылорда облысының әкімі Нұрлыбек Нәлібаев көтерді.

«Аралды құтқару - барша адамзат үшін әлі де өте өзекті міндет. Арал теңізінің тағдыры – ауыр сабақ. Мемлекеттің қолайлы қоршаған ортаны қамтамасыз ету міндеті, азаматтардың экологиялық қауіпсіздікке қатысты құқығы туралы нормаларды біз толық әрі саналы түрде қолдаймыз», – деді Нұрлыбек Нәлібаев.

Оның айтуынша, жаңа Конституция жобасында экологиялық ақпараттың ашықтығын қамтамасыз етуге ж әне қоршаған ортаға зиян келтіргені үшін жауапкершілікті арттыруға бағытталған нормалар қарастырылған. Бұл өзгерістер экология саласындағы мемлекеттік бақылауды күшейтіп, өңірлерде алдын алу шараларын тиімді іске асыруға мүмкіндік береді.

Құжат әлеуметтік теңсіздікті қысқартуға, ауылдық аумақтарды қолдауға, жұмыспен қамтуды кеңейтуге және инфрақұрылымды жүйелі түрде дамытуға құқықтық негіз қалыптастырады.

Парламент Мәжілісінің депутаты Максим Рожин еңбек етуге құқығын конституциялық деңгейде бекіту мәселесіне тоқталды. Оның пікірінше, бұл – еңбек адамының экономикалық және қоғамдық өмірдің белсенді қатысушысы ретінде танылуының көрінісі.

«Еңбек адамы – экономиканың құралы емес, мемлекеттің басты құндылығы. Жаңа Конституция жобасының негізгі идеясы — мемлекет үшін ең қымбат нәрсе өндіріс көлемі немесе пайда емес, адамның өзі. Жобада әркімнің: еңбек етуге, қауіпсіз жағдайда жұмыс істеуге, еңбегі үшін кемсітусіз әділ ақы алуға құқығы конституциялық деңгейде бекітіледі», – деді ол.

ҚР Парламенті Сенаты төрағасының орынбасары Ольга Перепечина жаңа Конституция Қазақстанда өкілетті билікті күшейтіп, азаматтардың сенімін арттырып, жетілдірілген парламенттік мәдениетті қалыптастырады деп есептейді. Бұл ретте, Ата заңды қабылдау мәселесі бүкілхалықтық референдумға шығарылуға тиіс.

«Парламент рөлін Құрылтай институты арқылы қайта қарау негізгі шешімдердің бірі. Құрылтай екі палатаның ізбасары және жоғары өкілді органның жаңа атауы болып табылады. Бұл оның мемлекеттік билік жүйесіндегі ерекше маңызын, тарихи дәстүрмен байланысын және халық алдындағы жауапкершілігін көрсетеді. Мәселе институттың символдық және саяси мәртебесін күшейте отырып, оның парламенттік табиғатын сақтау туралы болып отыр», – деді Ольга Перепечина.

Оның айтуынша, Конституция жобасында Құрылтайдың ішкі ұйымдастырылуына, оның ішінде комитеттері мен комиссияларының қызметіне де ерекше назар аударылды. Сенат Төрағасы орынбасарының пікірінше, олардың жұмыс істеу негіздерін конституциялық деңгейге шығару парламенттік жүйені нығайтуға маңызды қадам.

«Жаңа Конституция жобасы өкілетті билікті күшейтуге, азаматтардың сенімін арттыруға және жетілдірілген парламенттік мәдениетті қалыптастыруға бағытталған. Біздің азаматтарымыздың жобаға деген белсенді қызығушылығын ескере отырып, Конституцияны қабылдау мәселесін бүкілхалықтық референдумға шығару ұсынысына қолдау білдіргім келеді. Аталмыш жобаны қолдай отырып, біз оны жүзеге асыруға және еліміздің парламенттік жүйесін одан әрі дамытуға жауапкершілік алуға дайын екендігімізді дәлелдейміз», – деді Ольга Перепечина.

Конституциялық комиссия отырысында Конституцияда «волонтерлік» ұғымын бекіту ұсынылды. Бұл бастаманы Парламент Мәжілісінің депутаты, «Ұлттық волонтерлік желі» ЗТБ жетекшісі Вера Ким көтерді.

«Жаңа Конституция жобасына ұсыныстар жинау жарияланған сәттен бастап маған волонтерлік ұйымдар мен еріктілердің өздерінен 31-баптың 2-тармағын «волонтерлік» деген сөзбен толықтыру туралы өтініштер бірнеше рет келіп түсті. Осыған байланысты Қазақстанда әлеуметтік қамсыздандыру мен қайырымдылықты құруды көтермелеумен қатар волонтерлікті ынталандыруды бекітуді ұсынамын», – деді ол.

Оның айтуынша, бұл бапта әлеуметтік қолдауды қамтамасыз етудегі мемлекет ынталандыратын қоғамның қатысу нысандары келтірілген. Атап айтқанда, онда сақтандыру мен қайырымдылық көрсетілген, бірақ басқа маңызды нысан – азаматтардың жеке өтеусіз еңбегі көрсетілмеген.

«Еріктілер төтенше жағдайлар кезінде, ауруханаларда көмектеседі, әлеуметтік салада қарттарды, балаларды, мүгедектігі бар адамдарды, қиын жағдайда отбасыларды қолдайды. Бұл бүкіл ел бойынша жұмыс істеп жатқан әлеуметтік қолдау жүйесінің маңызды бөлігі» – деді Вера Ким.

Вера Ким бұл бастаманы бүкіл еріктілер қозғалысының атынан көтеріп отырғанын айтты.

Конституциялық комиссия жұмысы жалғасады.

ortcom.kz

ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫНДА ТУРИСТІК МАУСЫМ АЛДЫНДАҒЫ ЖОЛ БОЙЫНДАҒЫ СЕРВИС МОНИТОРИНГІ БАСТАЛДЫ

Қарағанды облысында туристік маусымға дайындық басталды. Өткен жылы өңірге 370 мың турист келген, биыл бұл көрсеткіш 1,5 есеге артады деп күтілуде. Жұмыстың негізгі бағыттарының бірі жол бойындағы сервис болды, оған саяхатшылардың жайлылығы мен қауіпсіздігі тікелей байланысты.

Облыста жол бойы сервисінің 104 нысаны жұмыс істейді. Биыл сегіз автожанармай құю станциясы мен бес санитарлық-гигиеналық торап салу қарастырылған, сондай-ақ жаңа инфрақұрылымды дамыту үшін алты жер учаскесі бөлінген.

Кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасы жұмыс істеп тұрған нысандарға мониторинг жүргізуге кірісті. Алғашқы көшпелі тексерістер Қарағанды – Балқаш автожолында өтті. Комиссия жұмысына кәсіпкерлік және өнеркәсіп, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары, туризм басқармаларының, санитарлық-эпидемиологиялық бақылау және төтенше жағдайлар департаменттерінің, сондай-ақ «ҚазАвтоЖол» компаниясының өкілдері қатысты.

Кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасының басшысы Асқар Ғазалиевтің айтуынша, мониторинг қолданбалы сипатқа ие және нақты проблемаларды жоюға бағытталған.

– Біз негізгі туристік бағыттардағы жол бойындағы сервис нысандарының мониторингін бастадық. Нысандардың бар-жоғын тіркеп қана қоймай, олардың жай-күйін, санитарлық және өртке қарсы талаптардың сақталуын, келушілерге арналған сервис деңгейін бағалау маңызды. Әрбір нысан бойынша ұсыныстар жасалады және бұл жұмыс жалғасатын болады, – деп атап өтті Асқар Ғазалиев.

Шығу барысында объектілердің иелеріне санитарлық және өрт қауіпсіздігі талаптары түсіндіріледі, аумақтың абаттандырылуы және жүргізушілер мен жолаушылар үшін базалық қызметтердің қолжетімділігі бағаланады.

Басқармада атап өткендей, мониторинг туристік маусымға дайындықтың тұрақты элементіне айналады. Міндет нақты тексеру емес, Қарағанды облысы өңір қонақтары үшін ыңғайлы әрі тартымды болуы үшін жол бойындағы инфрақұрылымның сапасын дәйекті түрде арттыру.

Қарағанды облысы әкімдігінің баспасөз орталығы

В КАРАГАНДИНСКОЙ ОБЛАСТИ НАЧАЛИ МОНИТОРИНГ ПРИДОРОЖНОГО СЕРВИСА ПЕРЕД ТУРИСТИЧЕСКИМ СЕЗОНОМ

В Карагандинской области стартовала подготовка к туристическому сезону. В прошлом году регион посетили 370 тысяч туристов, и в этом году ожидается увеличить поток в 1,5 раза. Одним из ключевых направлений работы стал придорожный сервис, от которого напрямую зависят комфорт и безопасность путешественников.

В области работают 104 объекта придорожного сервиса. В этом году предусмотрено строительство восьми автозаправочных станций и пяти санитарно-гигиенических узлов, а также выделено шесть земельных участков под развитие новой инфраструктуры.

Управление предпринимательства и промышленности уже приступило к мониторингу действующих объектов. Первые выездные проверки прошли на автодороге Караганда – Балхаш. В работе комиссии также приняли участие представители управлений пассажирского транспорта и автомобильных дорог, туризма, департаментов санитарно-эпидемиологического контроля и по чрезвычайным ситуациям, а также компании «ҚазАвтоЖол».

По словам руководителя управления предпринимательства и промышленности Аскара Газалиева, мониторинг носит прикладной характер и направлен на устранение конкрет ных проблем.

— Мы уже начали мониторинг объектов придорожного сервиса на ключевых туристических маршрутах. Важно не просто зафиксировать наличие объектов, а оценить их состояние, соблюдение санитарных и противопожарных требований, уровень сервиса для посетителей. По каждому объекту формируются рекомендации, и эта работа будет продолжена, — отметил Аскар Газалиев.

В ходе выездов владельцам объектов разъясняются требования санитарной и пожарной безопасности, оценивается благоустройство территории и доступность базовых услуг для водителей и пассажиров.

В управлении подчёркивают, что мониторинг станет постоянным элементом подготовки к туристическому сезону. Задача не точечные проверки, а последовательное повышение качества придорожной инфраструктуры, чтобы Карагандинская область была удобной и привлекательной для гостей региона.

Пресс-центр акимата Карагандинской области

ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫНДА ЦИФРЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТТЕР КЕҢІНЕН ДАМЫП КЕЛЕДІ

Қарағанды облысында әділет саласындағы цифрлық сервистер тұрғындардың күнделікті өміріне еніп, құқықтық қызметтерді қолжетімді етуде. Қазір азаматтар сенімхаттарды бейнебайланыс арқылы рәсімдеп, заңгерлік кеңесті онлайн ала алады, сондай-ақ сот орындаушысына бармай-ақ берешектерін өтей алады.

Өткен жылы өңірде алты мыңнан астам мемлекеттік қызмет көрсетіліп, олардың көп бөлігі электрондық форматта жүзеге асырылды.

Цифрлық трансформация - әділет органдарының негізгі басымдықтарының бірі. Бұл бағыт азаматтар мен бизнестің әкімшілік рәсімдерге кететін уақытын азайтып, жүктемені жеңілдетуге мүмкіндік береді, - деп атап өтті Қарағанды облысы Әділет департаменті басшысының орынбасары Данияр Байділдин.

Цифрлық қызметтердің негізгі құралдарының қатарында E-ZanKomegi бірыңғай ақпараттық жүйесі мен Zan Komegi мобильді қосымшасы бар. Аталған платформалар арқылы азаматтар қашықтан, соның ішінде бейнебайланыс арқылы да заңгерлік кеңес ала алады.

— Қазіргі цифрлық сервистер құқықтық қызметтерді азаматтар үшін тұрғылықты жеріне немесе әлеуметтік мәртебесіне қарамастан түсінікті әрі қолжетімді етті. Нәтижесінде тұрғындар артық уақыт пен қаржы жұмсамай, өз елді мекенінен шықпай-ақ құқықтық көмек ала алады, — деді Данияр Байділдин.

Өңірде онлайн нотариаттық қызметтер де қарқынды дамып келеді. «Е-нотариат» жүйесі арқылы тұрғындар сенімхаттарды және ерлі-зайыптылардың келісімдерін қашықтан рәсімдей алады. Қызметтердің қауіпсіздігі биометриялық сәйкестендіру, QR-қолтаңба және eGov Mobile қосымшасындағы «Цифрлық құжаттар» сервисі арқылы қамтамасыз етіледі.

Сонымен қатар атқарушылық іс жүргізуді цифрландыру да қарқынды жүргізілуде. 2026 жылы «Сот орындаушы-робот» функционалы кеңейіп, жеңілдетілген цифрлық өндіріс аясында қаралатын әкімшілік айыппұлдар бойынша берешек шегі артты.

— Атқарушылық іс жүргізуді қозғаудан бастап азаматтарды хабардар етуге дейінгі барлық процестер онлайн форматта, СМС және eGov Mobile қосымшасындағы push-хабарламалар арқылы жүзеге асырылады. Бұл азаматтардың қаржылық жүктемесін азайтып, қызмет көрсету мерзімдерін қысқартты. Сот орындаушы бес күн ішінде жауап беруге міндетті, ал басқа сервистерде бұл процесс 20 күнге дейін созылуы мүмкін, — деп атап өтті спикер.

Облыста «Құқық кабинеті» жобасы да іске асырылуда. Оның аясында ауыл тұрғындары әкімдіктерде, мәдениет үйлерінде, мектептер мен кітапханаларда орналасқан кабинеттер арқылы жергілікті жерде заңгерлік кеңес ала алады. Кабинеттер eGov, e-Otinish, «Ашық НҚА», «Әділет» ақпараттық жүйелері және «Заң» дерекқорына қосылған.

Халықтың құқықтық сауаттылығын арттыру жұмыстары да жалғасуда. 2026 жылы Қарағанды облысында «Халық заңгері», «Әділет кеңес береді» акциялары, тегін құқықтық көмек күндері және ауылдық округтерде көшпелі кездесулер ұйымдастырылмақ..

Қарағанды облысы әкімдігінің баспасөз орталығы

Наследственное дело

«После смерти Чунгараевой Леззат Бегалиевны, умершей 31 декабря 2025 года, открыто наследственное дело. Имеющимся наследникам обращаться к нотариусу Марбатовой А.М, по адресу Карагандинская область, г. Приозерск ул. Кисунько д. 1 Б тел. 87073453301»

Частный нотариус г. Приозерск

« ЖАЛЫНДАП ЖАНҒАН ЖЫР » АҚЫН, ЖАЗУШЫ, ПУБЛИЦИСТ БАУБЕК БҰЛҚЫШЕВТЫҢ 110 ЖЫЛ

Қазақ халқының рухани тарихында отты жырларымен, өткір ойымен, қайсар мінезімен өшпес із қалдырған тұлғалардың бірі – Баубек Бұлқышев. Ол – қысқа ғана ғұмырында ұлт рухын асқақтатып, елге, жерге деген махаббатты жалынды сөзбен жеткізе білген қайраткер қаламгер.

Баубек Бұлқышев 1916 жылы дүниеге келіп, жастайынан әдебиетке, қоғам өміріне белсене араласты. Оның шығармалары – жәй ғана көркем мәтін емес, ол – жастардың жүрегін оятқан үндеу, намысты қайраған отты сөз. Баубек үшін өмір сүру – халқына қызмет ету, ал жазу – шындықты тайсалмай айту еді.

Ұлы Отан соғысы жылдарында Баубек қолына қару алып қана қоймай, қаламын да серік етті. Оның мақалалары мен очерктері майдандағы жауынгерлерге рух беріп, елге жеңіске деген сенім ұялатты. Әсіресе «Өмір мен өлім туралы», «Шығыс ұлына хат» сынды еңбектері – ерлік пен отаншылдықтың биік үлгісі.

Баубек Бұлқышевтің тілі өткір, ойы терең, сезімі жалынды болды. Ол жас ұрпақты батылдыққа, адалдыққа, елін сүюге шақырды. Оның әрбір жолынан жастарға деген сенім, болашаққа деген үміт сезіледі. Сондықтан да Баубек шығармалары бүгінгі күнге дейін маңызын жойған жоқ.

Өкінішке қарай, тағдыр оған ұзақ ғұмыр сыйламады. Бірақ қысқа өмірінің өзі қазақ әдебиетінде жарқ еткен жұлдыздай болып қалды. Баубек Бұлқышев – уақыттан озған тұлға, жалындап жанған жыр иесі.

2026 жылдың 26 қаңтар күні ақын, жазушы, публицист Баубек Бұлқышевтың туғанына 110 жыл толуына орай «Жалындап жанған жыр» атты танымдық кеш өткізілді. Мақсаты: жазушы, публицист Баубек Бұлқышевтің өмірі мен шығармашылығын насихаттау. Кеш барысында оқушылар Баубек Бұлқышевтың қысқа ғұмырында елге қалдырған мол рухани мұрасымен танысты. Батыр жазушының ерлігі мен шығармашылығы жастарға үлгі болып, отансүйгіштік сезімдерін арттырды. Кеш қатысушыларға терең ой салып, ұлттық рухты көтеруге ықпал етті. Шара соңында Баубек Бұлқышевтің өмір жолына арналған қысқаша бейнеролик көрсетіліп, кітап көрмесі таныстырылды.

Бүгінгі ұрпақ үшін Баубек – ерліктің, елдіктің, шынайы отаншылдықтың символы. Оның рухты сөздері бізді әлі де жігерлендіріп, биік мақсаттарға жетелей береді.

Баубек Бұлқышевтің мұрасы – мәңгілік.

Оқырмандарға қызмет көрсету бөлімінің кітапханашысы Исхакова А.Ж.

Электрондық почта: priogazeta@mail.ru Таралымы: 500 дана Жарнама бөлімі: +7-707-345-79-35 QORJYNTUBEK JARŞYSY

Меншік иесі: «ИП Исатай М.А.»
Бас редактор: Исатай М.А.
Техникалық редактор: Исатай М.А.
Редакция мекен-жайы: Қарағанды облысы, Приозерск қаласы, 101100, Жеңіс Бульвары, 38а, 5.
Газет Қарағанды қаласы, Сәтпаев көшесі 15, «Арко» ЖШС-де басылды.
Тапсырыс №6/188, Таралымы:500 дана, пішімі: А3

Анықтама телефондары: +7-707-345-79-35
Жарнама бойынша: +7-707-345-79-35
Электрондық почта: priogazeta@mail.ru

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат коми тетінде тіркеуден өтіп, 2022 жылғы 27 маусымда №86VPY00051152 куәлігі берілді.

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді. Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды. Суреттер интернеттен және архивтардан алынды. Фотосуреттер мен қолжазбалар қайтарылмайды. Газет әр аптаның сенбі күні шығады. Балаларға тыйым салынған.